

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ Денсаулық сақтау министрлігі  
СЕМЕЙ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

СӨЖ

Орындаған: Беген К.Е.

Тексерген:

# Тақырыбы: Дәрігердің кәсіби деформациясы

1.Кіріспе

2.Дәрігердің кәсіби деформация түсінігіне қатысты терминдер, ұғымдар.


3.Медицинаның әртүрлі бағытында жұмыс істейтін дәрігерлердің кәсіби деформациясы.

4.Қорытынды

5.Пайдаланылған әдебиеттер.

Қазіргі таңда жұмыстың кәсіби зиянды әсері зерттелуі психологиялық тұрғыдан маңызды мәселе болып отыр. Алайда химиялық, физикалық немесе биологиялық зиянды әсері емес, эмоционалдық және стресс әсері. Кәсіби стрессогендік факторлар, маманның тікелей жұмысына байланысты болғандықтан, әр түрлі неврологиялық бұзылулардан психосоматикалық бұзылуларға әкелуі мүмкін. Тұлғаның кәсіби деформациясы – бұл кәсіпқой маман иесінің жұмысының әсерінен тұлғаның мінез-құлқының өзгеруі. Кәсіби деформацияның себептері, яғни оған әкелетін стрессогенді факторлар: эмоционалды күй синдромы, моббинг, субъективті моббинг, кәсіби өшу синдромы, қажу, жұмыс қарбаластығы және қақтығыстар, жұмыстың бірқалыптылығы және т.б. себептерден пайда болуы мүмкін. Осы аталған факторларға қысқаша тоқталып кетсек:

Жағымсыз алаңда жұмыс істеу – кез келген мамандықта жағымсыз материалмен жұмыс істеуге тура келеді, осы жағдайда жағымсыз эмоциялар пайда болады.



Өз кезегінде олар жинақталып, кәсіби деформацияға әкеледі. Эмоционалды күй синдромы — бұл когнитивті және физикалық энергияның біртіндеп жоғалтуын, жұмыстың орындауымен зерделі жүдеу, физикалық қажу, жеке аластатушылық және қанағаттанудың төмен деңгейін көрсететін процесс.

Жұмыс қарбаластығы және қақтығыстар – әріптестер арасында түсініспеушілік, олардың тым сынағыштығы. Дәрігер тәжірибесінде әріптестерімен кейбір жағдайда келіспеушіліктер, түсініспеушіліктер болып тұрады.

Моббинг – психология ғылымында жаңа терминдердің бірі болып табылады, ол жұмыста қыспаққа алуы және қудалауды қайғыру күйімен сипатталады.

Субъективті моббинг – тұлғаның жұмысқа бейімделуінің деструктивті формасы. Тексеріс, эмитхан, комиссия және т.б. себептерден қобалжу болып табылады.

Өзінің денсаулығына қауіп төндіру – вирустармен жұмыс кезінде инфекция жұқтырып алу, психикасы бұзылған науқастармен жұмыс кезінде, жедел жәржем көлігінде жарақаттану қаупі.

Ургентті аддикция – өзі байқамай, міндеттемелердің орындалмайтын санымен жүктеу.

Экстремалды жағдайлар – дәрігерлер жұмыс барысында тез әрі жауапты шешімдер қабылдауы қажет.

Аса жоғары жауапкершілік – жасалынған жұмыс туралы есеп беру, уақытысында және ұқыпты протокол толтыру, ауру тарихын толтыру және т.б.

Дәрігердің жұмысы адам өміріне байланысты болғандықтан жеке де, кәсіби де өте қызу шығынды, тұрақты жетілдіруді талап етеді.

Хирург-дәрігер науқаспен қарым-қатынаста. Мысалы, науқастың операция алдындағы қорқынышын алайық. Ғалым Т. Бильрот айтқан: «Дәрігерді жақсы көреді, хирургтан қорқады, олар алғашқы кеңесінен – ақ қорқады, екінші де керісінше өзіне-өзі ауру тудырады.»

Хирург әрқашан науқастың операцияға деген қорқынышымен күресе білуі керек. Хирург-дәрігер операция жасалатын науқаспен кездескенде онымен танысып қана қоймай оның мінезін, психологиясын және бұл операцияның қауіпті емес екендігін түсіндіре білуі керек.

Педиатр дәрігері- критикалық ситуацияда өзіне нәрестеге деген жауапкершілікті толық алуы керек, көп жағдайда жаңа туған баланы және де жас отбасыларда дүниеге келген нәрестені қалай өсіріп, тәрбиелеуде көмектесу керек. Педиатр дәрігерінің бейнесі басқа дәрігерлерге қарағанда ерекше болып келеді, өйткені нәресте өмірге деген түрлі қозқарастарды және адамға күш пен энергия бере алады. Ең маңыздысы дәрігер мен нәрестенің, дәрігермен ата-ананың психологиялық барьері. Ең алғашқы кезде дәрігермен кездесуде әртүрлі жастағы балалардың

сезімін есте сақтамайды. Екінші жағдайда, дәрігер өзімен жасты адамдармен қарым-қатынаста қателік жібереді. Сонымен қатар дәрігер қарым-қатынастағы адамның қандай сезімде тұрғандығын, оның көңіл-күйін, қылықтарын, атап айтқанда педиатр – дәрігер көп салалы, сапалы, диагноз қоюда, науқасты емдегенде, нәрестенің ата-анасымен жақсы қарым-қатынаста болуы тиіс. Балалар ата-анасына қарағанда қиын ситуациялық жағдайды оңай шеше алады. Себебі, балаларда күрделі ситуациялық мәселелер болмайды. Педиатр-дәрігері жұмысында, отбасында да психологиялық тұрғыда тұрақты болады. Себебі, жұмысында балаларды емдеу арқылы өзінің жеке басындағы мәселелерін ұмытуына септігін тигізеді. Әрқашан педиатр сапалы жұмыс атқаруы тиіс. Сондықтанда педиатрға әр уақытта өзінің білімін толықтырып, жіберген қателіктерін түзетіп отыру керек.

Онкология – медицинаның ерекше бөлімі. Дәрігерлердің жоғары профессионалдық дайындығын және науқас адаммен дұрыс қарым-қатынас жасай алуын талап етеді. Осы жағдайлардың бұзылуы науқастың тағдырына әсер етеді. Осы онкологиядағы бұзылыстар бірден әсер етпейді, ол ұзақ уақыттан кейін, кейбір жағдайда ұзақ уақытқа жалғасып науқасты ауыр жағдайға алып келуі мүмкін. Бұл көп жағдайда ісікке, рак ауруларына алып келеді.



Сондықтан дәрігер- онколог әруақытта жақсы сезім мен науқастың тағдырына моральдік жауапкершілікпен қарауы тиіс. Келесі онгологияның ерекшелігі, дәрігердің өзін-өзі ұстай білуі, әртүрлі мінездегі науқастарды емдей білу түрлері.

Дәрігер- онколог мамандығын таңдағанда өзінен күш пен өзінің тәртібін анализдеп отыруы тиіс және қателіктерін қайталамауы және деонтологиялық білімін дәрігер мінезімен (сылбыр, азығыс, үндемейтін, сөйлей беретін) араластырмау керек.

Егер дәрігер өзінің қателіктерін түсінсе оны дұрыстап бағалай білсе, ол өзін-өзі дұрыс басқара алады.

Онколог –дәрігерлердің бейнесіне келетін болсақ психология жағынан байсалды, сабырлы, сезімтал болып келеді.

Акушер-гинеколог –бұл маман әйел денсаулығы мен оның барлық өмір кезеңдеріндегі асқынулары мен ауруларын, әйел адамның жыныстық мүшесінің қасиеттерін зерттейді. Сонымен қатар, жүкті әйелдің денсаулығындағы өзгерістерін, туу кезіндегі денсаулығы мықты нәрестенің дүниеге келуімен, анасының денсаулығына көңіл бөледі. Гинекологиялық ауруларға амбулаторлық және стационарлық медициналық көмек көрсету.

Акушер-гинеколог жұмысының әр кезеңінде екі науқасқа бірдей көңіл аударуы керек. Олар: анасы және іштегі бала. Бұл маманда өте жауапкершілікті талап етеді, себебі екі бірдей адамның тағдыры.

Акушер-гинеколог дәрігердің ерекшелігі көп жағдайда медицина қызметкерлерінің науқаспен ашық қарым-қатынасы. Көп жағдайда акушер-гинекологқа барған әйелдер өздерін ыңғайсыз, ұялы сезімі, кейбір жағдайда қорқыныш пайда болады. Бұл жағдайлар көбінесе әлі тұрмысқа шықпаған қыздарда, дәрігері жас әрі ер адам болған кезде байқалады. Акушер-гинеколог дәрігері науқаспен яғни әйел адаммен жақын қарым-қатынаста болу керек, себебі дүниеге келетін нәрестенің денсаулығы жайында, оның болашағы жайында сұхбаттасып тұруы керек. Акушер-гинеколог дәрігері керісінше науқаспен яғни әйел адаммен қарым-қатынасы алшақтаса, онда әйел адамға психологиясына әртүрлі жаман ойлар туындайды, ол кейін іштегі нәрестегі әсер етуі мүмкін.

## Қорытынды

Дәрігерлер туралы А.П.Чехов былай дейді: «Дәрігер мамандығы- бұл ерлік, ол өзіндік шешім мен жан тазалығын және ой тазалығын талап етеді. Ақылды, таза, ұнамды, жағымды болуы тиіс.»

Гиппократ дәрігердің сыртқы бейнесіне көңіл аударды. Ол негізгі мәселелердің бірі дәрігер мен науқастың қарым-қатынасына классикалық тұрғыдан айтқанда «Зиянын тигізбеу». Адамдарға деген махаббаты мен мейірімділігі, жұмысының сапалы болуы деп ойын қорытындылады. Сапаның болмауынан нағыз маман иесі де бола алмайды. «Қайда адамдарға деген махаббат болса, сонда өзінің шығармашылық еңбегінде де махаббат болады.». «Дәрігер- философ,- деп Гиппократ өз жұмысында жазды. «Өзінің жақсы тәрбиесімен», -барлық мейірімділікпен ізделген нәрсенің барлығы медицинада бар. Атап айтсақ: батылдылық, силастық, дұрыс шешім қабылдау тағы басқалар.»

Гиппократ дәрігердің ең басты еңбегі оның әлемге әйгілі «АНТЫ». Мағынасында дәрігер өз еңбегімен айналасындағы науқастарға ауруына қарсы дәрілерді жазып беріп, ауруынан айықтыруы.

Ибн – Сина өзінің тәжірибелері мен зерттеулеріне байланысты дәрігерлердің мына бейнесін ұсынды: «Дәрігердің көзі-қырандай болуы керек, қолы-қыздың қолындай, жыландай мейірімді және арыстандай жүрегі болуы керек.»

## Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <http://kaznmu.kz>
2. Referat.kz
3. archive.is
4. <http://wikipedia.kz>